

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық "Мир" телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 113 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының арасындағы бұдан арғы ынтымақтастық туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 сәуірдегі № 306 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 11, 84-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының жұмысын үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының 1997 жылғы 5 қыркүйектегі жарғысына сәйкес Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының Мемлекетаралық үйлестіру кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті төрағасының орынбасары Талғат Болсынбекұлы Қазанғап енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің төрағасы Сәкен Сейітжаппарұлы Сәрсенов Қазақстан Республикасының Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының жалпы жиналысындағы өкілетті өкілі болып бекітілсін.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне жүктелсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов